

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

44 жыл күттірген алтын Парижде бұйырды

Францияның бас шаһары Парижде XXXIII жазғы Олимпия ойындары басталды. Осы жолы жарыстың ашылу салтанаты әдеттегідей алып стадионда емес, табиғат аясындағы таза ауада өтті. Қайыққа мінген атлеттер Сена өзені бойымен Аустерлиц пен Йенск көпірлері арасын жүзіп өтті. Сол аралықта ел астанасының біраз көрікті жерлерін аралап, тамашалауға мүмкіндік туындады. Қазақтың көк байрағын ұстап шығу бағы боксшы Асланбек Шымбергенов пен жеңіл атлет Ольга Сафроноваға бұйырды. Жерлестеріміз Жапония, Иордания және Кенияның спорттық делегацияларымен бір қайыққа жайғасты. Әйгілі Эйфель мұнарасының дәл алдындағы Трокадеро алаңында өткен салтанатты іс-шара барысында керемет концерттік және шоу бағдарламалар ұйымдастырылды. Жарысты Францияның президенті Эмманюэль Макрон ашса, алқызыл алауды желмен жарысқан желаяқ Мари-Жозе Перек пен даңқты дзюдошы Тедди Ринер тұтандырды.

28 жылдан кейінгі медальдың сыңғыры

Шамамен осыдан бір ай бұрын «Egemen Qazaqstan» газетінде «Жүлдесіз 28 жыл» деген тақырыпта мақала жарық көрген еді. Сол сараптамада біз 1996 жылы Атлантада алауы тұтанған Олимпия ойындарында отандық нысана көздеушілеріміз үш жүлде алғаны туралы айта келе сол кезден бері бірде-бір ғаламдық додада даралана алмағанымыз жайында ашына жазған едік. Биыл сол сәтсіздіктің сеңі бұзылды. Парижде Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы медальды салған – дәл сол спорт түрінің өкілдері. Құрамында Александра Ле мен Ислам Сәтпаев сынды мергендері бар Қазақстан командасы пневматикалық мылтықпен 10 метрлік қашықтықтан атудан «кіші» финалда Германияны 17:5 есебімен ойсырата ұтып, қола медальды еншіледі.

Ширек ғасырға жуық уақыттан соң жеңіп алған жүлденің де жөні бөлек болады екен. Оған жанкүйерлеріміз кәдімгідей қуанып қалды. Ал осы жарыстың бас жүлдесін қытайлық Хуан Юйтин мен Шэн Лихао олжаласа, Оңтүстік Кореяның оғландары Кым Жи-хен мен Пак Ха Джун күміспен күптелді.

– Шынымды айтсам, қазір қуанышымда шек жоқ. Осы жаттығу бойынша шәкірттерімнің медаль алатынын алдын ала сезген едім. Өйткені Александра мен Исламның аяқалысын көріп жүрмін. Екеуі де әлемдік деңгейде жүлдеге таласа алатын спортшылар екенін әлдеқашан дәлелдеген. Олар Азия чемпионаты мен Әлем кубогі кезеңдік сайыстарында дәл осы бағдарлама бойынша үнемі финалға шығып жүрген. Тек соңғы сәтте сәттілік жолдас болмай жүрді. Ал бұл жолы көздеген мақсатымызға қол жеткізіп, көңіліміз бір марқайып қалды, – дейді Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Ольга Довгун.

Естеріңізде болар, 1996 жылы Атланта Олимпиадасында Сергей Беляев екі рет жеңіс тұғырына көтерілді. Ол 50 метрлік қашықтықтан жатып атуда күміс медальды иеленді. Одан кейін Беляев үш қалыпта атуда да дәл сол нәтижені қайталады. Владимир Вохмянин 25 метрлік қашықтықтан тапанша атуда қола медальды мойнында жарқыратты. Бұл оның Олимпия ойындарындағы екінші жүлдесі еді. Содан төрт жыл бұрын Вохмянин Барселонадағы бәсекеде ТМД құрамасы сапында үшінші орынға табан тіреді. Міне, енді арада 28 жыл өткеннен соң құралайды көзге атқан мергендеріміз сәтсіздіктің сеңін бұзып, өз көрермендерін қатты қуантты.

Жақсылықтың арманы, Елдостың ерлігі

Көп кешікпей дзюдошылардың додасы басталды. 60 кг салмақ дәрежесінде ел намысын Елдос Сметов қорғады. Негізі даңқты балуанның осы жолы Олимпиадаға баруының өзі мұң болды. Елішілік жарыстың өзінде оған бәсекелес болуға жарайтын екі бірдей сақа спортшы табылды. Тіптен, Нұрқанат Серікбаев пен Мағжан Шамшадин соңғы сәтке дейін олимпиадалық рейтингте Сметовтен жоғары тұрды. Сол себепті де ұлттық құрама бапкерлеріне «төртжылдықтың басты додасына осы үшеуінің қайсысын апарсақ» деп бас қатыруларына тура келді. Содан дзюдо саласының басы-қасында жүрген мамандар оларды өзара күрестіруді құп көрді. Астанада өткен тартыста Елдостың асығы алшысынан түсті. Ол Нұрқанатты да, Мағжанды да еңсеріп, Парижге жол тартты.

Францияның бас шаһарында біз мүлдем басқа Сметовті көрдік. Бұрынғыдай бас-көзсіз алға ұмтылған екпінді шабуыл жоқ. Есейген Елдос әр қимылын тек есеппен ғана жұмсады. Ақырын жүріп, анық басты. Көбіне-көп қарымта шабуылға жүгінді. Әр белдесуде қарсыласының босаңсыған сәтін күтті. Сол мезетте ғана арыстанша атылып, астыртын жоспарын жүзеге асырды. Париж татамиіндегі бастапқы бәсекелерде жастар арасындағы Еуропа чемпионы, бельгиялық Торнике Цакадеуо мен құрлық біріншілігінің күміс жүлдегері, украиналық Дильшод Холматовты қапы қалдырса, ширек финалда Ян Юн Вэймен күш сынасты. Тайпейдің өкілі де азулы еді. Оның Токио Олимпиадасының финалисі, әлем чемпионатының екі дүркін жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы деген атағы бар. Сонымен қатар Ян қазіргі кезде дүниежүзілік рейтингте көш бастап тұр. Өте сауатты тактика құрған Сметов дәл сол дүлдүлді бәсекенің аяқталуына тура бір минут қалғанда «вазариге» түсірді.

Жартылай финалда Ғалымжан Жылкелдиевтің шәкіртін Франсиско Гарригос күтіп тұрды. Испания дзюдошысы да – көпті көрген көкжал. Ол – 2021 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2023 жылғы әлем чемпионы, Еуропа біріншілігіне үш алтын және үш қола медальды мойнында жарқыратқан сақа спортшы. Соның алдында ғана Гарригос

Жапонияның жұлдызы Рюдзю Нагаяманы қылқындырып тастап, есінен тандырғаны тағы бар. Бірақ Пиреней түбегінен келген тарлан Елдостың алдында дәрменсіздік танытты. Қазақтың қайсар ұлы оның да тас-талқанын шығарды.

«Ер кезегі – үшке» деп атам қазақ тегін айтпаған ғой. Бұған дейін Сметовтің Олимпия ойындарында екі рет жеңіс тұғырына көтерілгенін жанкүйерлер жақсы біледі. 2016 жылы жалындап тұрған 24 жасында ол Рио-де-Жанейрода күміс медальды иеленді. 2021 жылы жұлқынып тұрған 29 жасында Токиода қоланы қанағат тұтты. Міне, енді үшінші мәрте бас жүлде үшін таласу мүмкіндігіне ие болып отыр. Қандасымыз ол мүмкіндікті қалт жіберген жоқ. Финалда өз елінде, өз жерінде, өз көрермендерінің көз алдында Францияның мақтанышы, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, Еуропа чемпионы Лука Мхеидзені алып ұрған қазақтың өр мінезді өрені Олимпия ойындарының жеңімпазы атанды. Бұл атаққа Елдос 32 жасында қол жеткізді.

Дәл осы сәтті Алаш жұрты табаны күректей 44 жыл күткен еді. Күрес түрлерін серік еткен қазақ балуандары алғаш және соңғы рет 1980 жылы Мәскеудегі ойындарда алтын тұғырдан қол бұлғады. Келмеске кеткен алып империяның бас шаһарында грек-рим күресі шеберлері Жақсылық Үшкемпіров пен Шәміл Серіков атой салды. Сол кезде Жақсылық ағамыз жеңіс тұғырында «Бізден кейін қазақтан Олимпиада чемпиондары көптеп шықса ғой...» деп жылап тұрып айтқан еді. Иә, одан кейін Алаш топырағынан апайтөстер көптеп шықты. Төртжылдықтың басты додасында күміспен де күптелдік, қолаға да қол создық. Бірақ көпке дейін бас жүлде бұйырмады. Міне, енді араға 44 жыл салып, Алаш жұртының асқақ арманы орындалды. Елдос Сметовтей дара туған тұлға Парижде қарсы келгендерді алып та, шалып та жығып, Олимпиада чемпионы атанды. Бұл – Қазақстан дзюдо тарихындағы Олимпия ойындарының алғашқы алтын медалі!

Марапаттау рәсімінен кейін ел мақтаған Елдос: «Мүмкін емес ешнәрсе жоқ. Соған көзім жетті. Егер ниет болса, бәрін де жеңуге болады. Бәрі де қолдан келеді екен. Жақсылық Үшкемпіров атамыздың арманы орындалып, жекпе-жек түрлерінен қазақтан Олимпиада чемпионы шықты. Өте қуаныштымын», деп тіл қатты.

Ел мақтаған Елдостың ерлігін қайталауға Әбиба Әбужақынова да бір табан жақындады. Қазақтың қайсар қызының соңғы кездері өзі қатысқан жарыстардың түгелге дерлігінен олжалы оралғанына дүйім жұрт куә. Ол 2022 жылы Ұланбатырдағы Гранд-Слэмде – қола, Астанадағы Азия чемпионатында – күміс, Ташкенттегі әлем чемпионатында – қола, Абу-Дабидегі Гранд-Слэмде – қола, 2023 жылы Алмадағы Гран-приде – алтын, Париждегі Гранд-Слэмде – қола, Тбилисидегі Гранд-Слэмде – қола, Ханчжоудағы Азия ойындарында – күміс, 2024 жылы Одивеластағы Гран-приде – қола, Бакудегі Гранд-Слэмде – қола, Ташкенттегі Гранд-Слэмде – күміс, Анталиядағы Гранд-Слэмде – қола

және Ташкенттегі әлем чемпионатында қола медальды иеленді. Байқасаңыздар, 2022 жылдан бері қандасымыз 12 рейтингтік жарыста жеңіс тұғырына көтерілді. Биылдың өзінде Әбужақынова өзі бақ сынаған алты халықаралық додалардың бесеуінде атой салды. Ондай тұрақтылығымен еліміздің бірде-бір дзюдошысы мақтана алмайтыны анық. Сол себепті де қазақ жанкүйерлері Әбиба Парижде де атой салады деп үміттенді.

Жарысты Әбужақынова жақсы бастады. Израильдік Шира Ришониді тактикалық тұрғыдан ұтса, тайпейлік Лин Чен-Хаоны 17 секундта алып ұрды. Ширек финалда испаниялық Лаура Мартинес Абелендамен тең дәрежеде айқасып жатып, абайсызда оның «қақпанына» түсіп қалды. Еуропа чемпионатының қола жүлдегерінен айқын ұтылса да, Әбибаға деген сеніміміз сейілген жоқ. Өйткені тұрымтайдай қыздың бойында өжет мінез бен қайсарлық бар. Сол қасиеттерінің арқасында ол талай дүбірлі дүрмекте дараланды. Иә, жарыстың жалғасы жаман болған жоқ. Жұбаныш белдесуінде парагвайлық Гарбриэла Нарваести «осазкоми» әдісіне салып, яғни татамиде 20 секунд тырп еткізбей ұстап, таза жеңді. Содан қола медаль үшін тартыс басталды. Қарсыласы – Тара Бабулфат. 18 жастағы Швецияның жас жұлдызымен айқасқан Әбужақынованы біз мүлдем танымай қалдық. Ол тым босаң шықты. Сылбыр қимылдап, тізгінді қарсыласына беріп қойды. Скандинавия түбегінен келген сұлу ол мүмкіндікті қалт жібермей, біздің қызды қапы қалдырды. Нәтижесінде, жеңіс тұғырына көтерілуге тиіс Әбиба бесінші орында қалып қойды. Аса жеңіл салмақтың бас жүлдесін жапониялық Нацуми Цунода жеңіп алды.

Ғұсманнан Ғұсманға дейін

XX ғасырдың 50-60 жылдары Ғұсман Қосанов есімді мықты спортшының болғанын өз қарақты жанкүйерлер жақсы біледі. Қысқа қашықтыққа жүгіруде ол алдында жан салмай, талай рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Кеңес одағы чемпионы болды, КСРО халықтары Спартакиадасында күміс алды, талай дүбірлі додаларда дараланды. Семей облысы тумасының маңдайына қазақ жастары арасынан шыққан тұңғыш Олимпиада жүлдегері атану бақыты бұйырды. Атап айтсақ, 1960 жылы Рим Олимпиадасының құрамында Ғұсман Қосанов полтавалық Леонид Бартенев, бакулық Юрий Коновалов және ленинградтық Эдвин Озолин сынды спортшылары бар КСРО құрамасы 4x100 эстафетасында күміс медальды мойындарына ілді. 1965 жылы қос қазақ Қосанов пен Әмин Тұяқов және Озолин мен Николай Политико саяси маңызы бар сайыс – КСРО-АҚШ желаяқтарының матчтық кездесуінің жеңімпазы атанды.

Арада 60 жыл өткеннен соң қазақ даласынан тағы бір Ғұсман шықты. Ол – Ғұсман Қырғызбаев. Бірақ Түркістан облысының тумасы жеңіл атлетиканы емес, дзюдоны таңдады. Өз несібесін осы спорт түрінен

тапты. 2019 бен 2022 жылдары Эл-Фуджайра мен Астанада Азия біріншілігінің қола жүлдесін иеленді, 2021 жылы Будапештте әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Басқа да халықаралық жарыстарда жасындай жарқылдады.

Париж Олимпиадасында 66 кг салмақта күрескен Ғұсман кіл мықтылармен айқасты. Үздіктер тізімінде Қырғызбаев 26 орында болса, алғашында жолыққан төрт қарсыласының барлығы да дүниежүзілік рейтингте одан жоғары тұр. Соның үшеуін ол ұтты. Тұсаукесер кездесуде кандасымыз Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері, испаниялық Давид Гарсия Торнені (№9) тізе бүктірді. Іле-шала Рио Олимпиадасының күміс, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, әлем чемпионы, әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы, оңтүстіккореялық Ан Баулды (№13) екі жеңнен ұстап, алып ұрды. Ширек финалдық сайыс та Қырғызбаев үшін аса ауырға соқты. Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Еуропа чемпионы Валид Хиярды (№16) «Гран-Пале-Эфемер» кешеніне жиналған көрермендер керемет қолдады. Жергілікті дзюдошыға бүйрегі бұрған төреші бәсеке бел ортадан асқан тұста екінші шидо көрсетті. Қазақ балуанына тағы бір ескерту берілсе, ол жарыс жолынан шығып қалады. Ереже солай. Содан намысқа тырысқан Ғұсман айқастың аяқталуына 7 секунд қалғанда әдіс жасамақ болған Хиярды үстінен басып қалды да, жеңісті жұлып әкетті.

Жартылай финалда Виллиан Лиманы да (№8) жеңуге болатын еді. Кезінде жастар арасында әлем чемпионы атанған 24 жастағы бразилиялық балуан Панамерика ойындарында екі рет жүлде алып, құрлық біріншілігінде үш мәрте топ жарып, тағы екі рет жүлдегерлер санатына қосылды. Одан бөлек, Гранд-Слэм мен Гран-при турнирлерінде үздіктер қатарынан көрінді. Алайда сол межеде Ғұсманның күресі жүрмеді. Ол Лиманың ырқына оңай көніп, оның жетегінде кетті. Голден-скорда Виллион кандасымызды қапы қалдырды.

Үшінші орын үшін Қырғызбаев Страхания Бунчичпен (№30) кездесті. Бойы сырықтай Сербияның саңлағы бойының, қолы мен аяғының ұзындығын пайдаланғысы келіп, қазақты біраз әбігерге салды. Ермек Нәсиевтің шәкірті оған көнбеді. Оңтайлы бір тұста Бунчичтің осал тұсын тауып, сырттан шалып құлатты. Сөйтіп, Ғұсман Қырғызбаев Олимпия ойындарының қола жүлдегері атанды. Жарайсың, жайсаңым! Бір айта кетерлігі Ғұсманға да Олимпиада белесі 32 жасында бағынды. Ел мақтанышына айналған қос саңлақ та 1992 жылдың күзінде дүниеге келген.

Әйелдер арасында 52 кг салмақ дәрежесінде өзбек қызы Диора Келдиероваға тең келер ешкім табылмады. Екінші кезеңде ол Олимпиада және әлемнің төрт дүркін чемпионы Уте Абеден айласын асырды. Сол кезде алты жыл бойы адам баласына бет қаратпаған Жапо-

нияның атақты дзюдошысының еңкілдеп тұрып жылағанын көрсеңіздер. Одан кейін де Келдиерова еш кедергіге жолықпады. Ол франциялық Амандин Бюшар (Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері, аралас командалық сайыстағы Олимпиада чемпионы, әлем чемпионатының бес дүркін қола жүлдегері, Еуропаның үш дүркін чемпионы) мен косовалық Дистрия Красничиді (Токио Олимпиадасының жеңімпазы, әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, Еуропаның екі дүркін чемпионы) жолынан ығыстырды. Сөйтіп, Диораның есімі дзюдодан Өзбекстаннан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы ретінде тарихта қалды.

P.S. Олимпия ойындарында басқа да спорт түрлерінен бәсекелер көп. Қазақстанның спортшыларының бірі ұтылса, бірі финалдық кезеңге өтіп, жүлделі орындар үшін таласып жатыр. Қазақ жанкүйерлерін ерекше бір қынжылтқан жайт – Олимпиаданың ашылу салтанатында Қазақтың көк байрағын ұстап шыққан атақты боксшы, әлем және Азия чемпионы, Азия ойындарының екі дүркін жүлдегері Асланбек Шымбергеновтің алғашқы айналымнан аса алмауы. 71 кг салмақта жұдырықтасқан қандасымыз иорданиялық Зеяд Ишаишке есе жіберді. Ал қалған боксшыларымыз әзірге сәтті өнер көрсетіп тұр.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН